

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 1-10

«БЕКІТЕМІН»

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ
ұлттық өнер академиясы қабылдау
комиссиясының төрағасының у.м.а.

Ш.Ергөбек

(2026 жылғы 30 «сәуір»

№10 Ғылыми кеңес хаттамасы)



**7М02156 – «ДИЗАЙН» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ
БОЙЫНША МАГИСТРАТУРАҒА
ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Алматы

2026 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 2-10

1. ӘЗІРЛЕНДІ

Наурызбаева А. С. – PhD докторы, «Дизайн» кафедрасының доценті,
Нурдубаева А. Р. – сәулет канд., «Дизайн» кафедрасының доценті.

2. ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Дизайн» кафедрасының отырысы

Хаттама № 9 « 10 » 04 2026 ж.

«Дизайн» кафедрасының меңгерушісі

 Көшенов К. С., профессор

3. КЕЛІСІЛДІ

Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор  Халыков К.З.

Ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы  Кульшанова А.А.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 3-10

Магистратура бойынша қабылдау емтиханының бағдарламасы жоғары білім берудің осыған дейінгі деңгейі (бакалавриат) бағдарламасының көлеміне сай құрастырылған.

7M02156 «Дизайн» білім беру бағдарламасы магистратураға қабылдау келесі бағыттар бойынша білім алғандарға рұқсат етіледі:

B001 – Педагогика және психология (6B011 Педагогика және психология)

B007 – Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау (6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандануы бар мұғалімдерді даярлау)

B023 – Режессура және Арт-менеджмент (6B02106/ 6B02191 Арт-менеджмент)

B030 – Бейнелеу өнері (6B02102 Бейнелеу өнері, 6B02104 Сценография, 6B02117 Сәндік өнер, 6B02138 Кітап графикасы)

B031 – Мода, интерьер дизайн және өндірістік дизайн (5B041700 – Сәндік өнер, 5B042300 – Арт-менеджмент, 5B042100 – Дизайн / 6B02190 – Дизайн);

B039 – Мәдениеттану (5B020400 – Мәдениеттану);

B042– Журналистика және репортерлік іс (5B050400–Журналистика);

B044 – Менеджмент және басқару (5B050700 – Менеджмент, 5B051000

–Мемлекеттік және жергілікті басқару, 5B050700 – Экономика);

B070 – Тоқыма: киім, аяқ киім және былғары бұйымдар (5B073300 – Тоқыма материалдарының технологиясы мен жобалануы);

B073- Сәулет және құрылыс (5B042000-Сәулет);

B092 – Тынығу (5B090600 – Мәдени-тынығу жұмысы).

Артықшылық беріледі:

- бейін бойынша кәсіби немесе ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі бар тұлғаларға;
- бейіні бойынша ғылыми жарияланымдары бар, ғылыми-практикалық жұмыстары конкурстарының жүлдегерлері мен лауреаттарына;
- бейін бойынша маңызды шығармашылық жобалардың авторларына, халықаралық және республикалық шығармашылық конкурстардың жүлдегерлері мен лауреаттарына;
- шетел тілін жақсы немесе жоғары деңгейде меңгерген тұлғаларға.
- Дизайн бағыттары бойынша кемінде 5 жыл еңбек өтілі бар тұлғаларға.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 4-10

I. 7M02156 – ДИЗАЙН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ОҚУҒА ТҮСУШІЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

1. Магистратураға түсушінің:

Түсінігі болу керек:

- дизайнның өнерді, ғылымды, технологияларды, мәдениетті және креативті индустрияларды біріктіретін пәнаралық сала ретіндегі рөлі туралы;
- әлемдік және қазақстандық дизайнның, сәулеттің, цифрлық мәдениеттің және жобалық қызметтің дамуындағы заманауи үрдістер туралы;
- материалдық және материалдық емес мәдениеттің даму заңдылықтары, олардың заттық-кеңістіктік ортаны қалыптастыруға ықпалы туралы;
- дизайн-ойлау (Design Thinking), дизайн-зерттеулер (Design Research), адамға бағдарланған жобалау (Human-Centered Design) және сервистік дизайн қағидаттары туралы;
- заманауи цифрлық жобалау технологиялары, соның ішінде жасанды интеллект, генеративті дизайн, BIM-, CAD-, VR/AR-технологиялар, цифрлық модельдеу және прототиптеу туралы;
- тұрақты даму, экологиялық және инклюзивті дизайн қағидаттары туралы;
- дизайнның ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы, мәдени мұраны сақтаудағы және креативті экономиканы дамытудағы рөлі туралы;
- ғылыми зерттеулер әдіснамасы, академиялық этика және ғылыми жарияланымдарды дайындау қағидаттары туралы.

Білу керек:

- әлемдік және отандық дизайн, сәулет, өнер және материалдық мәдениет тарихының негізгі даму кезеңдері;
- дизайн-жобалаудың заманауи теориялары, тұжырымдамалары мен әдістері;
- композиция, пішін қалыптастыру, эргономика, түстану, семиотика және визуалды коммуникациялар негіздері;
- дизайндағы жобалық және ғылыми зерттеу әдістері;
- заманауи цифрлық технологиялар, бағдарламалық құралдар және жобалау аспаптары;
- дизайн-жобаларды, креативті индустрияларды, зияткерлік меншікті және кәсіпкерлік қызметті басқару негіздері;
- маркетинг, брендинг, мәдени менеджмент және жобалық басқару негіздері.

Түсіну керек:

- мәдениет, өнер, ғылым, технологиялар және жобалық қызметтің өзара байланысы;
- дизайн-тұжырымдаманы қалыптастыру қағидаттары және жобалау кезеңдері;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 5-10

- әлеуметтік, мәдени, технологиялық, экологиялық және экономикалық факторлардың дизайнның дамуына әсері;
- цифрлық дизайнның, UX/UI, интерактивті дизайнның, цифрлық мәдени мұраның және виртуалды музейлердің заманауи даму бағыттары;
- дизайнердің кәсіби тәжірибесіндегі зерттеу қызметінің маңызы.

Меңгеру керек:

- дизайн-жобаларды талдау, әзірлеу және ұсынудың заманауи әдістерін меңгеру;
- академиялық жазу, ғылыми мәтіндерді дайындау және зерттеу нәтижелерін көпшілік алдында ұсыну дағдылары;
- жобалау, визуализация, графикалық модельдеу және цифрлық контент жасауға арналған кәсіби цифрлық құралдарды меңгеру;
- ғылыми ақпаратты іздеу, талдау, сыни бағалау және жүйелеу дағдылары;
- командалық жұмыс, жобалық басқару және кәсіби коммуникация дағдылары;
- жобалау алдындағы талдау жүргізу, дизайн-тұжырымдама әзірлеу және жобалық шешімдердің тиімділігін бағалау әдістерін меңгеру.

Құзыретті болу керек:

- дизайн саласындағы кешенді жобалық, зерттеу және кәсіби міндеттерді шешуде;
- жобалаудың заманауи әдістерін, ғылыми талдауды және сыни ойлауды қолдануда;
- цифрлық технологияларды, жасанды интеллектіні және инновациялық жобалау құралдарын пайдалануда;
- тұрақты даму, инклюзивтілік және ұлттық мәдени бірегейлік қағидаттарын ескере отырып жобалар әзірлеуде;
- ғылыми зерттеулер жүргізуде, аналитикалық материалдар дайындауда және өзінің кәсіби ұстанымын дәлелді қорғауда;
- кәсіби этика, академиялық адалдық және авторлық құқық нормаларын сақтауда.

2. Қабылдау емтиханына

Қабылдау емтиханы магистратураға оқуға қабылдаудың қолданыстағы қағидаларына сәйкес өткізіледі және мыналарды қамтиды:

- кәсіби дайындық деңгейін, аналитикалық ойлауын және дизайнның теориялық негіздерін меңгеруін бағалауға бағытталған **коллоквиум**;
- дизайн теориясы мен практикасының заманауи мәселелерін қамтитын бекітілген тақырыптардың бірі бойынша дайындалған **жоба тақырыбын қорғау**. Жоба жобалық-зерттеу сипатында болуы тиіс, жобалық-практикалық жұмысты талдау дағдыларын, сыни ойлауды, деректерді негіздеуді, дәлелдеуді және академиялық жазу дағдыларын көрсетуі қажет.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 6-10

II. ПӘНДЕРДІҢ АТАУЫ, ОЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМДЕРІ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАЛУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР (бейіндік бағыт)

1. «Материалдық мәдениет пен дизайн тарихы»

Пәннің мазмұны

Пән талапкерлерде материалдық мәдениет, сәулет, өнер және дизайн тарихын адамзат өркениетінің өзара байланысты даму салалары ретінде жүйелі түсінік қалыптастыруға бағытталған. Пән аясында заттық-кеңістіктік ортаның қалыптасу заңдылықтары, көркемдік стильдердің эволюциясы, жобалық ойлау, технологиялар, визуалды коммуникация құралдары және дизайнердің кәсіби қызметі қарастырылады.

Материалдық және материалдық емес мәдени мұраның өзара байланысына, ұлттық бірегейлікке, Қазақстандағы дизайнның тарихы мен қазіргі жағдайына, әлемдік дизайн мектептерінің дамуына, жобалық қызметтің цифрлық трансформациясына, тұрақты дамуға, жасанды интеллектіге, цифрлық мәдени мұраға, виртуалды музейлерге, пайдаланушы тәжірибесіне (UX/UI), сервистік дизайнға және дизайн-зерттеудің заманауи әдістеріне ерекше назар аударылады.

Талапкер әлемдік және отандық материалдық мәдениеттің негізгі даму кезеңдерін, дизайн, сәулет және өнер тарихын білуі; заттық ортаның қалыптасуына тарихи, мәдени, әлеуметтік және технологиялық факторлардың әсерін түсінуі; заманауи кәсіби терминологияны, дизайн нысандарын талдау әдістерін, жобалық ойлау қағидаттарын меңгеруі және цифрлық технологиялар мен креативті индустриялар контекстінде дизайн дамуының заманауи үрдістерін бағалай алуы тиіс.

Дайындалуға арналған сұрақтар

1. Материалдық мәдениет дизайн дамуының негізі ретінде.
2. Дизайн тарихы: дамудың негізгі кезеңдері және заманауи тұжырымдамалар.
3. Дизайн ХХІ ғасырдың мәдени, әлеуметтік және экономикалық феномені ретінде.
4. Дизайнның заманауи бағыттары мен маманданулары.
5. Әлемдік дизайн мектептерінің тарихы (Баухаус, ВХУТЕМАС, Ульм мектебі және т.б.).
6. ХVІІІ–ХХІ ғасырлардағы көркемдік стильдер және олардың дизайнның дамуына ықпалы.
7. Ежелгі өркениеттердің заттық-кеңістіктік мәдениеті.
8. Орталық Азия мен Қазақстанның сәулет мұрасы.
9. Орта Азиядағы ислам сәулеті мен сәндік-қолданбалы өнер.
10. Қазақтың дәстүрлі мәдениеті қазіргі дизайнның қайнар көзі ретінде.
11. Киіз үй архитектуралық, конструктивтік және кеңістіктік жүйе ретінде.
12. Ұлттық ою-өрнек пен символиканың заманауи дизайндағы көрінісі.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 7-10

13. Сәулеттік, өнеркәсіптік және графикалық дизайндағы пішін қалыптастыру теориясы.
14. Қазіргі дизайндағы материалдар, технологиялар және инновациялар.
15. Өнеркәсіптік дизайн тарихы.
16. Графикалық дизайн және визуалды коммуникациялар тарихы.
17. Типография және баспа мәдениетінің эволюциясы.
18. Брендинг, айдентика және визуалды бірегейлік.
19. Дизайн визуалды коммуникация құралы ретінде.
20. Заттық ортаның семиотикасы және дизайн тілі.
21. Дизайн-ойлау (Design Thinking) заманауи жобалау әдіснамасы ретінде.
22. Дизайн-зерттеулер (Design Research): әдістері мен бағыттары.
23. UX/UI-дизайн және пайдаланушы тәжірибесін жобалау.
24. Сервистік дизайн және жүйелік жобалау.
25. Экологиялық және тұрақты дизайн.
26. Циркулярлық экономика және тұрақты даму дизайны.
27. Жасанды интеллект және генеративті дизайн.
28. Жобалық қызметтің цифрлық трансформациясы.
29. Дизайндағы виртуалды, толықтырылған және аралас шындық.
30. Цифрлық мәдени мұра және виртуалды музейлер.
31. Ақпараттық дизайн және деректерді визуализациялау.
32. Креативті индустриялардағы дизайн.
33. Жаһандану жағдайындағы дизайн және ұлттық бірегейлік.
34. Қазақстандағы заманауи дизайн: жетістіктері, мәселелері және даму перспективалары.
35. Цифрлық технологиялардың қазіргі заттық ортаның дамуына әсері.

Әдебиеттер тізімі

Негізгі

1. Нурдубаева А.Р. Кииз уй: структура пространственности. Алматы - 2021
2. Talgatkyzy D. The History of Design in Kazakhstan. — 2025.
3. Julier G. The Culture of Design. 4th ed. — SAGE, 2022.
4. Sparke P. An Introduction to Design and Culture. — Routledge, 2020.
5. Lees-Maffei G., Houze R. The Design History Reader. 2nd ed. — Bloomsbury, 2019.
6. Fallan K. Design History: Understanding Theory and Method. — Bloomsbury, 2020.
7. Norman D. The Design of Everyday Things. Revised Edition. — Basic Books, 2013.
8. Norman D. Design for a Better World. — MIT Press, 2023.
9. Brown T. Change by Design. — Harper Business, 2019.
10. Lupton E. Extra Bold: A Feminist, Inclusive, Anti-Racist, Nonbinary Field Guide

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	Түсу емтиханының бағдарламасы нормативтік құжат түрі	Бет. 8-10

for Graphic Designers. — Princeton Architectural Press, 2021.

Қосымша

11. Rawsthorn A. Hello World: Where Design Meets Life. — Penguin Books, 2024.
12. Escobar A. Designs for the Pluriverse. — Duke University Press, 2018.
13. Manovich L. Cultural Analytics. — MIT Press, 2020.
14. Pink S. Digital Materialities. — Bloomsbury, 2020.
15. Ingold T. Making: Anthropology, Archaeology, Art and Architecture. — Routledge, 2018.
16. Fry T. Design as Politics. — Bloomsbury, 2020.
17. Heskett J. Design: A Very Short Introduction. — Oxford University Press.
18. Papanek V. Design for the Real World. Revised Edition. — Thames & Hudson.
19. UNESCO. Culture in the Digital Environment: Policy Guide. — Paris, 2023.
20. ICOM. Museum Definition, Ethics and Digital Transformation Documents. — 2022–2025.

2. «Дизайн нысандарын жобалау» пәні

Пәннің мазмұны


Пән талапкерлерде дизайнердің жобалық қызметі, дизайн-жобалау әдіснамасы, жобалық ойлау және сәулеттік, орталық (орта), өнеркәсіптік, графикалық және цифрлық дизайн нысандарын жасаудың инновациялық тәсілдері туралы заманауи түсініктерді қалыптастыруға бағытталған.

Пәнді меңгеру барысында дизайн-жобалаудың кезеңдері, жобалау алдындағы зерттеу әдістері, дизайн-тұжырымдаманы қалыптастыру, композициялық, функционалдық, эргономикалық, конструктивтік, технологиялық, экологиялық және эстетикалық жобалау қағидаттары қарастырылады. Адамға бағдарланған жобалау (Human-Centered Design), дизайн-ойлау (Design Thinking), сервистік дизайн, UX/UI-жобалау, жасанды интеллект, генеративті дизайн, цифрлық модельдеу, виртуалды және толықтырылған шындық, цифрлық прототиптеу, тұрақты даму және заманауи дизайндағы ұлттық бірегейлік мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Талапкер дизайн-жобаларды талдау, әзірлеу және бағалаудың заманауи әдістерін меңгеруі, заттық-кеңістіктік ортаны қалыптастыру қағидаттарын түсінуі, заманауи цифрлық технологияларды қолдана білуі және жобалау барысында мәдени, әлеуметтік, экологиялық және экономикалық факторларды ескере алуы тиіс.

Дайындалуға арналған сұрақтар

1. Дизайн-жобалаудың заманауи әдістері және олардың кезеңдері.
2. Жобалық ойлау (Design Thinking) дизайн-жобаларды әзірлеу әдісі ретінде.
3. Жобалау алдындағы зерттеулер: мақсаттары, әдістері және құралдары.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 9-10

4. Пайдаланушыны талдау және адамға бағдарланған жобалау (Human-Centered Design).
5. Дизайн-тұжырымдаманы қалыптастыру және оны бағалау критерийлері.
6. Композиция дизайн нысандарын жобалаудың негізі ретінде.
7. Заттық ортаны жобалаудағы эргономика және антропометрия.
8. Дизайн нысандарының функционалдылығы, эстетикасы және эмоционалдық қабылдануы.
9. Түс, жарық және материалдар жобалау құралдары ретінде.
10. Қазіргі дизайндағы заманауи материалдар мен инновациялық технологиялар.
11. Экологиялық дизайн және тұрақты жобалау қағидаттары.
12. Циркулярлық дизайн және экологиялық жауапты материалдар.
13. Инклюзивті дизайн және әмбебап орта.
14. Тұрғын, қоғамдық және көпфункционалды кеңістіктерді жобалау.
15. Қалалық орта мен қоғамдық кеңістіктерді жобалау.
16. Жиһаз, жабдықтар және өнеркәсіптік дизайн нысандарын жобалау.
17. Жобаларды визуализациялаудың заманауи әдістері және цифрлық прототиптеу.
18. CAD-, BIM- және параметрлік жобалау.
19. Жобалық қызметтегі жасанды интеллект және генеративті дизайн.
20. Дизайн нысандарын жобалаудағы виртуалды (VR) және толықтырылған (AR) шындық.
21. Цифрлық өнімдердің UX/UI-жобалануы.
22. Сервистік дизайн және пайдаланушы тәжірибесін жобалау.
23. Брендинг, айдентика және фирмалық стиль.
24. Графикалық дизайн және заманауи визуалды коммуникациялар.
25. Қаптама, жарнама және мультимедиялық өнімдер дизайны.
26. Заманауи дизайн-жобалаудағы ұлттық бірегейлік.
27. Қазақстанның дәстүрлі мәдениеті жобалық шешімдердің көзі ретінде.
28. Қазақ ою-өрнегі мен мәдени кодтарды заманауи дизайнға интеграциялау.
29. Көшпелі мәдениет қағидаттары: мобильді, модульдік және уақытша нысандарды жобалау.
30. Мәдени мұра нысандарын және музейлік ортаны жобалау.
31. Цифрлық мәдени мұра және виртуалды музейлер.
32. Әлеуметтік дизайн және қоғамдық маңызы бар жобаларды әзірлеу.
33. Креативті индустриялардағы дизайн.
34. Әлемдік дизайн-жобалаудың заманауи үрдістері.
35. Қазақстандағы дизайн мен креативті индустриялардың даму перспективалары.

Әдебиеттер тізімі

Негізгі

1. Norman D. The Design of Everyday Things. — Basic Books, 2013.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 10-10

2. Norman D. Design for a Better World. — MIT Press, 2023.
 3. Brown T. Change by Design. — Harper Business, 2019.
 4. Lidwell W., Holden K., Butler J. Universal Principles of Design. — Rockport, 2023.
 5. Ulrich K., Eppinger S. Product Design and Development. 8th ed. — McGraw-Hill, 2023.
 6. Lupton E. Graphic Design: The New Basics. — Princeton Architectural Press, 2025.
 7. Lupton E. Thinking with Type. — Princeton Architectural Press, 2024.
 8. Ambrose G., Harris P. Design Thinking. — Bloomsbury, 2021.
 9. Samara T. Design Elements. — Rockport, 2020.
 10. Krug S. Don't Make Me Think, Revisited. — New Riders.
- Қосымша**
11. Gothelf J., Seiden J. Lean UX. 3rd ed. — O'Reilly, 2021.
 12. Cooper A., Reimann R., Cronin D. About Face: The Essentials of Interaction Design. — Wiley, 2023.
 13. Papanek V. Design for the Real World. Revised Edition.
 14. Escobar A. Designs for the Pluriverse. — Duke University Press, 2018.
 15. Julier G. The Culture of Design. 4th ed. — SAGE, 2022.
 16. Manovich L. Cultural Analytics. — MIT Press, 2020.
 17. Grimley C., Love M. Color, Space and Style. — Rockport, 2022.
 18. Ching F.D.K. Interior Design Illustrated. 5th ed. — Wiley, 2022.
 19. Ордабаев А.Б. История архитектуры Казахстана. — Алматы, 2018.
 20. Talgatkyzy D. The History of Design in Kazakhstan. — 2025.